

**Ақтөбе облысы , Хромтау қаласы ,  
№2 Хромтау гимназиясы**

16 ақпан 2018 жылы аудандық білім бөлімінің қолдауымен ұйымдастырылған №3 Хромтау орта мектебінде жалпы білім беретін мектептердің қазақ мектебі және орыс мектептерінде оқитын 7 – 11 сынып оқушыларына арналған «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңі өтті. Олимпиаданың мақсаты - мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту және оны дамыту, әрі қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша ерекше дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету.

Олимпиада бес бағытта болды:

1. «Тілші - әдебиетшілер»
2. «Жазушылар»
3. «Жас ғалымдар»
4. «Сөз шебері»
5. «Әнші бұлбұлдар»

Олимпиаданың бес бағытына да біздің оқушыларымыз қатысты. Олар: Ким Алина -10 кл. , Ананко Даниил - 9-кл., Назарова Алина - 9-кл., Панева Дарья - 10-кл., Курмакаева Дарина - 7кл.

Осылайша аудандық деңгейде өткізілген олимпиадада жастарымыз нағыз тіл жанашырлары екендігін көрсетіп, келесі жүлделі орындарға ие болды:

Панева Дарья - «Сөз шебері» бағыты бойынша - 3-орын  
Ананко Даниил – «Жазушылар» бағыты бойынша - 3-орын

Аталған оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

